

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Республикалық ғылыми- педагогикалық кітапхана

Ертедегі Александрия кітапханасы




"Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге"

Абай Құнанбаев

КІТАП ОҚЫҢЫЗ!

«Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге»
деп ұлы Абай айтқандай, кітап пен білімге
құштарлық қай заманда да жеке адамның ғана
емес, тұтас қоғамдық өркениеттің, мемлекеттік
саясаттың басты ұстанымы болып келген, болып
қала беретіні және ақиқат. Оның дәлелі ретінде
адамзат мәдениетімен бірге жасасып келе жатқан
кітапханалар шежіресіне ой жүгіртсеңіз жетеді.



Алғашқы кітапханалар қоғамдағы діни мекемелердің қатарынан тіркелсе, алғашқы кітапханашылар – азаматтарға рухани игіліктерді, жазба мұраларды, тіпті ғаламдық картинаны сақтап жеткізуші абыздар болыпты.



Кітапханашы – өзіндік тұлға. Кітапханашы – көне кәсіптің бірі. Тарихқа шегінсек, төрт жарым мыңнан аса жыл бұрын бұл кәсіп сазды каталогтар пайда болған кезеңдердегі шумер мәдениетімен бірге дүниеге келген. Ал кітапханашылық қызмет біздің дәуірімізге дейінгі сазды тақталарды жинап, жазбаларды есепке алудан бастау алған көрінеді.



Ежелгі дәуірлердегі кітапханашылар – тек ер азаматтардан құралған екен.

1917 жылға дейін әйел-қыздар қауымына мемлекеттік қызмет есік ашпады. Сондықтан тарихтағы қазан төңкерісінен кейін ғана нәзік жандылар өкілдері кітапханалық қызметке қабылдана бастайды. Осылай, озық деген Еуропа елдерінің өзінде де ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында кітапханашылар құрамы жаңарды. Анығында, әйелдердің тең құқығын талап еткен қозғалыстан кейін АҚШ-та кітапханашы ханымдар қатары көбейді.

Нәтижесінде, кітапхана тарихы кітапханада қызмет көрсеткен танымал тұлғалардың есімдерін де сақтап қалды. Бір ерекшелігі, бүгінгі таңда кітапханашы ер-азаматтар саны некен-саяқ.




Ескі замандардың өзінде кітап ерекше бағаланған екен. Адамзат баласы кітапхананың пайдасын бірден түсінді, сол себепті де, ең алғашқы кітапхана осыдан сегіз мың жыл бұрын пайда болды.



Ежелгі Месопотамия тұрғындары жазуды саздан жасалынған тақтайшаларға жазған. Сондай мыңдаған тақтайшалар ежелгі сарайларда сақталып келді және тақырыптары бойынша сұрыпталды.



Ежелгі египеттіктер жазуды әуелі шиыршықталып, сосын түтік сияқты оралған папирус қағаздарға жазды.



Біздің эрамызға дейінгі 332 жылы Александр Македонский негізін қалаған, тарихтан біз білетін ең ежелгі кітапхананың бірі - Египеттегі атақты **Александрия кітапханасында** осындай мыңдаған қағаздар сақталып келген.




Әлем руханиятының тарихына академия, музей, кітапхана деген ұғымды қалыптастырып, адамзат өркениетінің аңсары мен нысанасына айналған Александрия қаласының негізі **Ескендір Зұлқарнайынның** – Александр Македонскийдің әмірімен 332-331 жылдары қыс айында қаланды.



Бас сәулетшісі родостық **Дейнекрат**, құрылысты жүргізген навкратистік **Клеоменс** тағайындалды. Алғашқы Бас кітапханашы – Аристотельдің шәкірті, Афинаның бұрынғы билеушісі фалестік **Деметрий**.



Александр Македонский өзінің шығысқа бет алған жорығының құрметіне Ніл дариясының Жерорта теңізіне құяр сағасына салынған, батыс пен шығысты, құрлық пен мұхитты жалғастырып тұрған бұл шаһарға яғни, Александрияға астана дәрежесін береді.




Александрия біртіндеп тек атымен танымал болып қоймай, тіпті антикалық дәуір мәдениеті де александриялық мәдениет деп аталып, аз уақыттың ішінде бүкіл азаматтық өркениет пен дүниежүзілік сауданың ғылым мен өнердің алып орталығына айналады. Македонскийдің жорығынан түскен олжаның барлығы тікелей осы қаланың мұқтажына жұмсалды.



Соның нәтижесінде әлемнің жеті кереметінің бірі – Александрия шамшырағы, патша сарайы, театр мен стадион, кітапхана, музей дүниеге келді.




Кітапхананың негізін қалап, дамытқан, қайта жаңғыртқан Македонскийдің қолбасшыларының бірі Птолемей Сотер (Құтқарушы) мен оның ұлы Филадельф. Олар Александрияны дүниенің рухани астанасы еткісі келді.



Олар аты әйгілі ғалымдар мен ақындардың, философтардың, дәрігерлердің, сәулетшілердің барлығын осында алдыртып, ғылыми мектеп ұйымдастырды.



Ғұламалардың еш алаңсыз ғылыммен айналысуына барлық жағдай жасалды. Олар сол ғимаратта тұрды, сол жерде зерттеу жұмыстарын жүргізді, сондағы оқу залдарында шәкірттеріне дәріс оқыды.



Филадельфтің патшалығы тұсында кітапханада 4000 мың том қолжазба мен 90 мың түпнұсқа сақталды. Қыш кітаптар мен папирус жазуларының музейі болды. Милидиден бұрынғы 47 жылы қыш кітаптар мен қолжазбалардың саны 700 мыңға жетіпті.




Түпнұсқа мен көшірмені айыратын, қолжазбаларды реставрация жасайтын арнайы шеберхана болған. Бұл тұстағы ғұламалар ақсүйектерден де жоғары бағаланып патша дәрежелес өмір сүрген.



Александрияның даңқын Афинадан да асыру үшін сол замандағы ең озық жазу мен өнер саласына қатысты барлық жәдігерлер әкелінеді. Онда Аристотельдің кітапханасынан бастап гректің Эсхил, Софокл, Еврипид сияқты трагик ақындарының қолжазбаларына шейін сақталды.




Александрияға келген әрбір көпес кітап сыйлауға міндетті болды. Ал қаланың айлағына аялдаған кемелердегі қолжазбалар дереу тәркіленіп, иелеріне оның көшірмелері ғана қайтарылып отырды.



Әлемнің сегізінші ғаламаты – **Александрия (Ескендір) кітапханасында** қызмет көрсетуге ғұламалар ғана қабілетті еді. Біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырда Александрия кітапханасында қызмет атқарған айтулы тұлға – **Клавдий Птолемей**. Кітапханашы әрі ғалым аспан денелері қозғалысын зерттеген.




Александрия кітапханасында ең үлкен лауазым иесі – кітапханашы деп аталды. Оны Зенедот, Аполлон Родосский, Эратосфан, Аристофан, Евклид, Архимед, Аристарх, Каллимах есімді ірі ғалымдар басқарған. Солар ғана осы атаққа лайық деп саналды.



Ақын әрі ғалым **Каллимах** б.э. дейінгі 310-240 жылдары Александрияға келіп, оқытушы болып қызмет етеді. Көп ұзамай, оған II Птолемейдің назары түсіп, Александрия кітапханасына жоғары дәрежелі орынға тағайындайды. Осы шаңырақта Каллимах 20 жылдан аса еңбек етіп, кітапхананың арқасында тарих, грамматика салалары бойынша 800-ден аса ғылыми еңбегі жарық көрді. Сөйтіп, поэзиядағы «александриялық» бағыттың негізін қалады.



Калиммахтың жетекшілігімен кітапхана каталогі жасалынып, сол жүйе негізінде кітап қоры толықтырылып тұрған. Каллимах жасаған кітаптардың каталогы ақыл-ойдың асқан даналығы ретінде бағаланды. Автордың алғашқы каталогы 120 томнан тұрады. Бұл тұңғыш библиографиялық еңбектердің бірі болғандықтан, **Каллимах библиографияның атасы** атанды.





Александрия кітапханасында Эратосфен – б.э. дейінгі III ғасырда эллинистикалық әлемдегі көрнекті ғалым әрі жазушы жұмыс істеген. Ол Афинада 20 жылдай өмір сүріп, кейін Александрияға қоныс аударады. Каллимахтың шәкірті ретінде ғылымға бет бұрып, кітапханада 40 жылдан аса филология, хронология, математика және астрономия ғылымдарын зерттейді.



Әйгілі Александрия кітапханасында жас **Гипатия** да әкесімен бірге жұмыс істепті. Атақ-абыройымен есімі жер шарына танылған Гипатиямен кездесіп, философия, астрономия, математика туралы ой-тұжырымдарын тыңдау үшін Рим Империясынан, Кіші Азиядан және Жерорта теңізі жағалауынан арнайы делегация сапарлатып тұрған.



Александрия кітапханасы талқандалып, отқа оранған кездерде Гипатия өрттен аман қалған ұлы ойшылдар қолжазбаларын қайта қалпына келтіріп, кітапхананы сақтап қалды. Осылай, оның игі істері, анығында кітапқа деген адал қызметі ғалымның атын мәңгілікке кітапханашы етіп қалдырды.




Египетке грек мәдениетінің ықпалын дәлелдейтін Александрия кітапханасы антика дүниесінің ірі кітап қоры болып есептелді. Б.з.д. I ғасырда оның құрылымында 700 мың томнан тұратын папирустар болған деседі.



Патша Птолемей осы қорды көбейту үшін қаржысы мен жігерін аямаған. Кітапхананың қорын көбейту мақсатында Афина мен Родос әмбебаптарынан арнайы кітаптарды сатып алып отырған.



Сол заманғы оқымыстылар жүз мыңнан жеті жүз мың томға дейін кітап қоры болғанын жазады. Кітапхана қорының негізін ежелгі грек әдебиеті мен ғылымынан тұратын шығармалар құрағанмен, мұнда шығыс халықтары тілдеріндегі кітаптар да көп болған.




Александрия кітапханасы жанында көшірмешілер штаты жұмыс істеп, олар кітаптарды көшіріп жазып, данасын көбейтіп отырған.



Тарихтан біз білетін ең ежелгі кітапхананың бірі –
Александрия кітапханасы екі рет өртенген.

Орыс тіліндегі әйгілі Брокгауз-Эфрон сөздігінде (1891):



Кітапханашы Дора Доротея БРОКГАУЗЪ,
д-р. А. Брокгауз, қызысы



Иван Ефремович ЕФРОНЪ,
қызысы

«Александрия кітапханасының бүкіл Рим, Грек, Үнді және Мысыр әдебиетін сақтаған ең үлкен бөлігі біздің жыл санауымыздан бұрын 47-48 жылдарда Юлия Цезарь мен мысырлықтар арасындағы сұрапыл соғыс кезінде өртеніп кеткен... Кітапхананың екінші бөлімі, яғни, Птолемей заманында жинақталған шағын кітапхана Феодосия дәуіріне дейін сақталған. Оны басқарып тұрған Серафим ертедегі мысырлық адамдардың бірінің гибадат етуіне кектеніп, патриарх Теофильдің үгіттеуімен Серпион махалласына шабуыл жасаған жауыз христиандар жағынан өртелген болатын (391 ж). Сонымен, атақты ғалым қазынасы Әмір әскерлерінің 642 жылғы жорығынан емес, христиандардың шабуылынан ойрандалған» делінеді.





Кейде атақты Александрия кітапханасын Халиф Әмір өртеген деседі. Еуропада шыққан тарих оқулықтарының Исламиятқа қатысты жерлерінің бәрінде Халифа Әмірдің *«атақты Искандерия кітапханасын қалай өртегендігі»* туралы хикая бар. Ол былай баяндалады.

Халифа Әмір Искандерияны басып алғаннан кейін дүниедегі ең бай кітапхана Искандерия кітапханасын: *«Егер, бұл кітапханадағы кітаптар ішінде Құранда жазылған нәрселер жазылған болса, онда бұлардың басы артық болғаны, егер де бұл кітаптардың ішінде Құранда жазылмаған нәрселер жазылған болса, онда залалды, сондықтан, бұларды жою керек»*, – деп өртеп жіберуге жарлық берген деседі. Тарих оқулығын жасаушылар осыдан соң *«Міне, сөйтіп жауыз, жабайы мұсылмандар тарапынан дүниежүзіндегі ең бай ғылым қазынасы опат болды»* деген сөзді қосып қояды.



ХІІ-ғасырда атақты «Александрия кітапханасы Халиф Әмір бастаған мұсылмандардың 642 жылғы жорығы кезінде өртенген» деген ақпаратқа кезінде Мұстафа Шоқай: «Бұл екінші крест жорығында жеңіліс тапқан христиандар мұсылмандарға қарсы өшпенділік тудыру үшін ойлап табылған жала. Себебі, Александрия кітапханасы 642 жылғы Әмір Халифтің жорығынан 250 жыл бұрын 391 жылы христиандардың қолымен өртеніп, жойылып кеткен» деп дәлелдейді.



1933 жылы М.Шоқай: *“Мәскеу большевиктері Искандерия кітапханасын Халифа Әмір тарапынан өртелгенін айта отырып, Иран, Түркия және Ауғанстан халықтарын надан, жабайы етіп көрсетуді мақсат етіп отыр”* деп жазды *“Яш Түркістан”* журналында (1933, №39). Сонымен, М.Шоқай бүкіл мұсылман қауымының атынан үлкен тарихи бұрмалаушылықты ғылыми тұрғыдан түзетті.



Шын мәнінде кітапхананың өртеніп кеткені жөнінде Франция Ғылым Академиясының 1923 жылы 30 наурыздағы "Таң" газетінде жарияланған мәліметтері, кейбір орыс деректері ("Брокгауз — Эфрон" сөздігі, 1891 жыл) де дәлел бола алады.




Қазіргі замандағы ғылымда да, не араб басқыншылығы кезіндегі ойран мен талан-тараж туралы көп жазған Иоанн Никиусский де, не өзге бір исламға қарсы христиан тарихшысы да кітапхананың өртенгені туралы дерек келтірмейді. Сондықтан, кітапхананың жойылғандығын белгілі бір оқиғамен байланыстыру мүмкін емес және бұған пұтқа табынушылар, христиандар немесе мұсылмандар кінәлі деп кесіп айту да қиын. Бұл туралы нақты пікір жоқ.



Аты әлемге әйгілі болған ертедегі Александрия кітапханасының бар ақиқаты осы.



Кітап – қазақтың сегізінші қазынасы. Ғасыр жаңарып, жылдар алмасса да оған деген құрмет төмендемеген. Өйткені *«кітап – білім бұлағы»*. «Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» заманауи технология қарыштап дамып кеткенімен, интернет те, ұялы байланыс та білім мен ғылымның қайнар көзі саналар кітаптың орнын алмастыра алған жоқ.



Қанша ақылды болса да, компьютер кітаптың тереңдігі мен сарабдалдығын бере алмайтыны әлдеқашан дәлелденген. Сондықтан кітапхана ілім-білім жинаймын деген адамның құтты мекені болып қала бермек.



«...Кітапханашыларды сол ешқашан жоғалмауға тиісті асыл қазынаның сақшылары деп санаймын»,
– деп айтқан сөз өнерінің хас шебері Әбіш Кекілбаевтың тілімен түйіндегім келеді.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

**Лекцияны дайындаған:
РҒПК бөлім басшысы
Байдуанова Л.А.**